- 10.2.10. Ішкі аудит департаментінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның бастығын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит департаментінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит департаментінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын және мөлшерін анықтау;
- 10.2.11. Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және оған сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 10.2.12. аудиторлық ұйымның қызметіне төленетін төлемақының, сондай-ақ, Қоғамның акцияларын төлеуге табысталған немесе ірі мәміленің тақырыбы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыға төленетін төлемақының мөлшерін анықтау;
- 10.2.13. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган тарапынан қабылданатын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде, Қоғамның бағалы қағаздарына жазылудың және аукциондарды өткізудің тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 10.2.14. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 10.2.15. Жарғының 6.10.16. және 6.10.18. тармақтарының ескерілуімен, басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызын немесе одан артығын Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 10.2.16. акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызы немесе одан артығы - алайда, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан аспайтын мөлшері - қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 10.2.17. жыл сайынғы Бизнес-жоспарда міндеттемелерді мұндай ұлғайту қарастырылған-қарастырылмағанына қарамастан, Қоғамның міндеттемелерін он миллион еуродан асатын баламаны құрайтын мөлшерге ұлғайту (бір немесе өзара байланысы бар бірнеше мәміленің нәтижесінде), бұл ретте, жыл сайынғы бизнес-жоспарда қарастырылған нақты міндеттемелерді немесе шығындарды қосымша бекітудің қажеті жоқ;
- 10.2.18. үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдіктерді немесе қарыздарды бару бойынша шешімді мақұлдау немесе, шығындарды өтеуге келісім беруді қоса есептегенде, үшінші тұлғалардың міндеттемелерін сатып алу;
- 10.2.19. бұрынғы тіркеушімен жасалған келісім-шарт бұзылған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 10.2.20. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Қоғам жайлы немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 10.2.21. Жарғының 6.10.16. тармағының ережесінің ескерілуімен, Қоғам тарапынан жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 10.2.22. Жарғының 6.10.16. тармағының ережелерінің ескерілуімен, сомасында немесе жеке-дара он миллион еуро баламасынан асатын теңгерімдік құны бар Қоғамның активтерін (сату, жалға беру жолымен немесе өзге де жолмен) қосу, біріктіру, иеліктен шығару туралы шешімді мақұлдау;
- 10.2.23. Қоғамның осы Жарғысымен қарастырылған, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын және Директорлар кеңесі туралы Ережемен қарастырылған өзге де мәселелер.
- 10.3. Осы баптың 10.2. тармағымен тізімі белгіленген мәселелер атқарушы органға шешу үшін табыстала алмайды.
- 10.4. Директорлар кеңесі:
- 10.4.1. лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде мүдделердің болжалды жанжалдарын, соның ішінде, Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және

мүдделілігі бар мәмілелерді жасау барысында теріс пайдалануды қадағалап және мүмкіндігінше жойып отыруға міндетті.

10.4.2. Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асырып отыруға міндетті.

10.5. Осы Жарғыға сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға, сондай-ақ, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға Директорлар кеңесінің құқығы жоқ.

11-бап. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру тәртібі.

11.1. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

11.2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

11.2.1. жеке тұлға-акционерлердің қатарынан;

11.2.2. акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалардың қатарынан;

11.2.3. осы Жарғымен белгіленген шектеулердің ескерілуімен, басқа тұлғалардың қатарынан сайланады.

11.3. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау шоғырланымдық дауыс беру жолымен жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарды толығымен бір кандидатқа беруге немесе оларды бірнеше кандидаттың арасында бөліп таратуға құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне тағайындалған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесіне мүшелікке екі немесе одан көп кандидат дауыстардың бірдей санын жинаған жағдайда, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

11.4. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлға сайлана алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

11.5. Қоғамның Президенті Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін, алайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымына сайлана алмайды.

11.6. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кемінде алты адамды құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы керек.

11.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысы тарапынан белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі – барысында жаңа Директорлар кеңесінің сайлануы жүзеге асырылатын акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін сәтте бітеді.

11.8. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жекеленген мүшелерінің өкілеттік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасының негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

11.9. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивтік дауыс беру жолымен жүзеге асырылады, бұл ретте, Директорлар кеңесінің қайтадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен қатар бір уақытта бітеді.

11.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз мәрте қайта сайлана алады.

11.11. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан, Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының дауыс басымдылығымен, ашық дауыс беру жолымен тағайындалады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

11.12. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғымен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге

- асырады. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 11.13. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:
- 11.13.1. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ, Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделеріне сай хабардарлықтың, айқындықтың негізінде Заңмен қарастырылған өзге де құжаттарға сәйкес әрекет етуі тиіс;
- 11.13.2. барлық акционерлермен әділетті түрде қатынасуы тиіс, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір айтуы тиіс.
- 11.14. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Қоғам Президентінің бастамасы бойынша, я болмаса:
- 11.14.1. Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 11.14.2. Қоғамның ішкі аудит департаментінің;
- 11.14.3. Қоғамға аудит жүргізуді жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 11.14.4. ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
- 11.15. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру жөніндегі талап - Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылған күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламаны жіберу жолымен, Директорлар кеңесінің Төрағасына ұсынылады.
- 11.16. Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастама көтеруші аталған талаппен Қоғамның Президентіне жүгінуге құқылы, ал ол Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Президенті шақыру жөніндегі талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруы тиіс. Директорлар кеңесінің мәжілісі – аталған талапты ұсынған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.
- 11.17. Директорлар кеңесінің мәжілісі - шақыру жөніндегі талапты ұсынған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.
- 11.18. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламалар, мәжілістің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардың қоса тіркелуімен – мәжіліс өткізілетін күнге дейін кемінде жеті күн қалғанда Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламалар - мәжіліс өткізілетін күнге дейін үш күн қалғанда жіберілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламада мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ, оның күн тәртібі болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар кеңесінің тарапынан анықталады.
- 11.19. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мәжілісіне өзінің қатыса алмайтындығы туралы Президентке алдын ала хабарауға міндетті.
- 11.20. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмауы тиіс. 10.2.1., 10.2.3., 10.2.4., 10.2.7., 10.2.8., 10.2.17., 10.2.18., 10.2.21., 10.2.22. тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің қатысуымен, бір ауыздан қабылданады. Жария компанияның Директорлар кеңесінің мәжілісінде тәуелсіз директорлар міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының кемінде жартысын құрайтын мөлшерде өкілденуі тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғымен белгіленген кворумға қол жеткізуге жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі - Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мақсатында акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің осындай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру жөнінде ғана шешім қабылдауға құқылы.
- 11.21. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар кеңесінің шешімдері – мәжіліске қатысып отырған мүшелердің қарапайым дауыс басымдылығымен қабылданады. Дауыстар бірдей болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы немесе мәжіліске төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
- 11.22. Директорлар кеңесі – тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын, өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.23. Директорлар кеңесінің мәжілістері жылына кемінде үш рет көзбе-көз тәртібімен, немесе Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес өзге әдіспен өткізіледі. Директорлар кеңесінің мәжілісінде қабылданған оның шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол хаттаманы мәжіліс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде Төраға немесе мәжіліске төрағалық етуші тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы жасап, қол қоюы тиіс және онда келесі ақпарат болуы тиіс:

- 11.23.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 11.23.2. мәжілістің өткізілген күні, уақыты және орны;
- 11.23.3. мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 11.23.4. мәжілістің күн тәртібі;
- 11.23.5. дауысқа салынған мәселелер, және де Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесінің көрсетілуімен, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 11.23.6. қабылданған шешімдер;
- 11.23.7. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

11.24. Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары Қоғамның мұрағатында сақталады. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелерінің талап етуі бойынша оған мәжілістің хаттамасын және онда қабылданған шешімдерді танысу мақсатында ұсынуға міндетті және (немесе) оған корпоративтік хатшының қолымен және Қоғамның мөрінің бедерімен куәландырылған шешімдерді және хаттамадан үзінді көшірмелерді беруге міндетті.

11.25. Қаржылық-шаруашылық қызмет саласындағы аса маңызды мәселелерді қарау үшін және Директорлар кеңесіне аралық ұсыныстарды дайындау үшін Қоғамда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит жөніндегі комитет құрылды.

11.26. Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит жөніндегі комитеттер – нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. Қоғамның Президенті Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы бола алмайды.

11.27. Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит жөніндегі комитеттің құрылуының және жұмысының тәртібі, сондай-ақ, олардың сандық құрамы - Директорлар кеңесі тарапынан бекітілетін, Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

12-бап. Қоғамның Президенті.

12.1. Ағымдағы қызметті басқаруды жеке-дара атқарушы орган – Қоғамның Президенті жүзеге асырады.

12.2. Президент Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы. Президент акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

12.3. Акционер де, Қоғамның акционер болып табылмайтын оның қызметкері де Президент бола алады. Қоғамның Президенті Қоғамның Директорлар кеңесінің рұқсатымен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

12.4. Президенті қызметтері, құқықтары және міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ, аталған тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек келісім-шартымен анықталады. Президентпен жасалатын еңбек келісім-шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы, я болмаса акционерлердің Жалпы жиналысы тарапынан немесе Директорлар кеңесі тарапынан осыған өкілеттендірілген тұлға қол қояды.

12.5. Қоғамның Президенті:

12.5.1. акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

12.5.2. үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасау барысында Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

12.5.3. Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы барысында Қоғамды өкілдеу құқығын беретін сенімхаттар береді;

12.5.4. Қоғамның қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазаларды тағайындайды, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғамның жұмыскерлерінің лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және еңбекақыға қосылатын жеке үстемелерді белгілейді, Қоғамның Ішкі аудит департаментінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйақыларының мөлшерін анықтайды;

12.5.5. жыл сайынғы Бизнес-жоспарды жетілдіруді ұйымдастырады және оны бұдан бұрынғы жылдың 30-қарашасынан кешіктірмей Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады;

12.5.6. осы Жарғымен, акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге міндеттерді жүзеге асырады.

13-бап. Корпоративтік хатшы

13.1. Корпоративтік хатшының мәртебесі:

13.1.1. Корпоративтік Хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның қызметкері, ол – Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғалары тарапынан Қоғамның акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ, Қоғам тарапынан Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасының нормаларының, Жарғының ережелерінің, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

13.1.2. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және лауазымынан босатылады, сонымен қатар, Директорлар кеңесі - Директорлар кеңесі мүшелерінің тиісті мәжілісінде қатысушылардың дауыс басымдылығымен қабылданатын Корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтайды.

13.1.3. Корпоративтік хатшының міндеті - Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғалары тарапынан акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға кепілдік беретін рәсімдік талаптардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

13.1.4. Корпоративтік хатшы өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын орындалуға міндетті.

13.2. Корпоративтік хатшының атқаратын міндеттері:

13.2.1. Акционерлердің, Қоғамның органдарының, сондай-ақ, Қоғамның өзге лауазымды тұлғаларының арасында ақпараттың тиімді алмасуына атсалысады.

13.2.2. Директорлар кеңесінің мәжілістерінің өткізілуін дайындайды және қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды жасақтауды жүзеге асырады, Директорлар кеңесі мәжілістерінің күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне барлық қажетті ақпаратты ұсынады.

13.2.3. Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналыстарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді, акционерлердің жиналыстарының күн тәртібінің жасалуына қатысады, акционерлердің Жалпы жиналыстарын шақыру туралы хабарламалардың дер кезінде таратылуын жүзеге асырады, акционерлерінің Жалпы жиналыстарының күн тәртібінің мәселелері бойынша акционерді барлық қажетті материалдармен қамтамасыз етеді.

13.2.4. Директорлар кеңесінің, Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысының мәжілістерінің хаттамаларын жүргізуді және барлық мүдделі тұлғалардың олармен танысуын жүзеге асырады.

13.2.5. Корпоративтік басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері үшін және Президент үшін кеңесшінің міндеттерін атқарады.

13.2.6. Акционерлердің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Қоғамның Президентінің сұрау салуы бойынша Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіруге бағытталған

шешімдерді ұсына отырып, Қоғамдағы корпоративтік басқарудың жағдайы жөнінде, Қоғам тарапынан Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының талаптарының орындалуы жөнінде есептерді дайындайды.

13.2.7. Директорлар кеңесінің мүшелерін, Президентті және Қоғамның лауазымды тұлғаларын корпоративтік басқару тәжірибесінің дамуындағы жаңа беталыстары туралы – олардың пайда болған сайын - хабардар етіп отырады.

13.3. Корпоративтік хатшы Қоғамның келесі құжаттарының есебін және сақталуын жүргізеді:

1) Қоғамның ішкі Ережелері, акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Қоғамның Аудит жөніндегі комитетінің шешімдерімен бекітілген немесе қарастырылған өзге де құжаттар;

2) акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің мәжілістерінің және Аудит жөніндегі комитеттің Мәжілістерінің хаттамалары;

3) акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар;

4) дауыс беруге арналған бюллетеньдер, сондай-ақ, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға арналған сенімхаттар (сенімхаттардың көшірмелері);

5) акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің мәжілістерінің және Аудит жөніндегі комитеттің Мәжілістерінің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;

6) Қоғамның үлестес тұлғаларының тізімдері;

7) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы бар тұлғалардың, дивидендтерді алуға құқығы бар тұлғалардың тізімдері, сондай-ақ, Заң талаптарына сәйкес акционерлердің өз құқықтарын жүзеге асыруы үшін Қоғам тарапынан жасалатын өзге де тізімдер.

13.4. Корпоративтік хатшы Қоғам мен оның акционерлерінің арасында өзара әрекеттесуді ұйымдастырады, соның ішінде:

1) акционерлерден Қоғамның мекен-жайына келіп түсетін хаттардың, жүгінулердің және сұраулардың есебін жүргізу;

2) келіп түсетін жүгінулер мен сұрауларға жауаптар дайындау;

3) Директорлар кеңесінің және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерін орындау;

Корпоративтік хатшы тек Қоғамның Директорлар кеңесінің рұқсатымен ғана өз қызметін Қоғамдағы басқа міндеттерді орындаумен қоса атқаруға құқылы.

14. Қоғамның акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі.

14.1. Қоғам өзінің акционерлерін - Қоғамның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы хабардар етуге міндетті.

14.2. Қоғамның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат ретінде келесілер танылады:

14.2.1. акционерлердің Жалпы жиналысы тарапынан және Директорлар кеңесі тарапынан қабылданған шешімдерін, және де қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

14.2.2. Қоғам тарапынан акциялардың және басқа бағалы қағаздардың шығарылуы және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептердің, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептердің өкілетті орган тарапынан бекітілуі, өкілетті орган тарапынан Қоғамның бағалы қағаздарының жойылуы;

14.2.3. жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелердің және ірі мәмілелердің Қоғам тарапынан жасалуы;

14.2.4. Қоғамның активтерінің бес пайызын және одан артығын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге салуға (қайта кепілге салуға) табыстау;

14.2.3. Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінің жиырма бес пайызын және одан артығын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

14.2.4. Қоғамның қандай да бір қызметті жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензиялар алуы, Қоғамның бұрын алған, қандай да бір қызметті жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату;

14.2.5. Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

14.2.6. Қоғамның мүлкіне тыйым салу;

14.2.7. нәтижесінде теңгерімдік құны Қоғамның активтерінің жалпы мөлшерінің он пайызын және одан артығын құраған Қоғамның мүлкі жойылған, төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;

14.2.8. Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жазаға тарту;

Қоғамды қайта мәжбүрлі түрде ұйымдастыру туралы шешімдер;

14.2.9. осы Жарғыға және Қоғамның акцияларын шығару анықтамалығына сәйкес, Қоғамның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат.

14.3. Акционерлердің мүдделерін қозғайтын, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну – кемінде елу мың дана таралымымен шығарылатын және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын дүркіндік баспасөз басылымында жариялау арқылы жүзеге асырылады, ал мұндай басылым ретінде «Юридическая газета» анықталған, я болмаса, Заңмен белгіленген тәртіпте әрбір акционерге жеке хабарламаларды жіберу жолымен жүзеге асырылады. Егер Заңмен немесе Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен жариялаудың басқа мерзімдері белгіленбеген жағдайда, Қоғамның қызметі туралы ақпарат – пайда болған күнінен бастап бес жұмыс күнінің ішінде жарияланады (акционерлердің назарына ұсынылады).

15-бап. Қаржы есептемесі және Қоғамға аудит жасау.

15.1. Қоғамның қаржы есептемесі Қоғамның бухгалтерлік теңгерімін, кірістер мен шығындар туралы есепті, ақшалардың қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамасына сәйкес өзге есептемені қамтиды

15.2. Қоғамның бухгалтерлік теңгерімін жүргізу және қаржы есептемесін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамасымен белгіленеді.

15.3. Қоғамның Президенті жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына – аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген, өткен жылға арналған жылдық қаржы есептемесін қарау үшін және бекіту үшін ұсынады. Қаржы есептемесімен қатар, Президент Жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.

15.4. Жылдық қаржы есебі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңнамасына сәйкес жасалады.

15.5. Жылдық қаржы есебі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кемінде тыз күн қалғанда Директорлар кеңесі тарапынан алдын ала бекітілуі тиіс.

15.6. Қоғамның жылдық қаржы есебін ақтық бекіту – акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.

15.7. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда, өкілетті органмен келісу арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген мерзімдерде Қоғам шоғырландырылған қаржы есептемесін және аудиторлық есепті жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отыруға міндетті. Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржы есептемесі стандарттарына сәйкес жылдық қаржы есептемесіне қоса берілетін түсіндірме жазбахатта ашылады. Нәтижесінде қоғамның активтерінің мөлшерінің он пайызын немесе одан артық соманы құрайтын мүлік сатып алынып немесе иеліктен шығарылып жатқан мәміле туралы ақпарат – мәміледегі тараптар туралы, мәміленің шарттары мен мерзімдері туралы, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің көлемі мен сипаты туралы мәліметтерді, сондай-ақ, мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

15.8. Қоғам жылдық қаржы есептемесіне аудит жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғамның Президентінің бастамасымен Қоғамның есебінен, я болмаса ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым тарапынан сұралған барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

15.9. Егер Қоғамның Президенті Қоғамның аудитін жүргізуден жалтаратын болса, аудит кез-келген мүдделі тұлғаның талап-шағымы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.

15.10. Қоғамның қызметіне қатысты оның құжаттары - Қоғамның бүкіл қызмет істеу мерзімі бойы, Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша Қоғам тарапынан сақталуы тиіс.

16-бап. Қоғамның Ішкі аудит департаменті

16.1. Ішкі аудит департаментінің мәртебесі:

16.1.1. Департамент - Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын, Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қызметіне ішкі аудит жасауды және ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, Қоғамның органы болып табылады. Департамент тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағындырылған және оған есеп береді. Департаменттің қызметіне жетекшілік жасау – Аудит жөніндегі комитет тарапынан жүзеге асырылады.

16.1.2. Департамент өзіне жүктелген міндеттері мен қызметтерін орындау барысында, Қоғамның Директорлар кеңесін қоспағанда, үшінші тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз болуы тиіс.

16.1.3. Өз міндеттерін атқару барысында объективтілік және әділдік ұстанымындарын сақтау мақсатында, Департаменттің қызметкерлері – артынан ішкі аудитке ұшырауы мүмкін қандай да бір қызмет түрлеріне тартылмауы тиіс және аудит жасалып жатқан мерзімнің ішінде олардың тарапынан жүзеге асырылып жатқан қызметке және міндеттерге аудит жасаумен айналыспауы тиіс.

16.1.4. Департаменттің қызметкерлері Қоғамның атқарушы органының және Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

16.1.5. Департаменттің есептері Қоғамның Директорлар кеңесі тарапынан, Аудит жөніндегі комитет тарапынан және Қоғамның және тексеріліп жатқан Еншілес ұйымдардың басшылығы тарапынан талданады, олар Қоғамның келешектегі қызметінде Департамент тарапынан анықталған бұзушылықтарға жол бермеу шараларын қолға алады. Шаралар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері түрінде ресімделеді.

16.1.6. Департаменттің мәртебесіне, Қоғамның Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолданыла алмайтын құжаттарды қоспағанда, Департаменттің қызметкерлеріне Қоғамның ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

16.2. Департамент келесі негізгі қызметтік міндеттерді атқарады:

16.2.1. Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің баламалылығын және тиімділігін бағалауды жүргізеді;

16.2.2. Қоғамның қабылданған корпоративтік басқару ұстанымдарының енгізілуін және орындалуын бағалауды жүргізеді;

16.2.3. Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық келісімдердің талаптарының орындалуын, Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарының талаптарының орындалуын, сондай-ақ, бақылаушы және қадағалаушы органдардың нұсқауларының және Қоғам органдарының шешімдерінің орындалуын тексеруді жүзеге асырады;

16.2.4. Қоғамның еншілес ұйымдарының есеп және салық саясаттарының – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және халықаралық қаржы есептемесі стандарттарына, сондай-ақ, Қоғамның корпоративтік саясатына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

16.2.5. Бизнес-жоспардың жоспарлануына және орындалуына аудиторлық тексеру жүргізеді;

16.2.6. Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының бухгалтерлік қызметтерінің жұмысына қатысты ішкі құжаттар бойынша ұсыныстар мен кеңестерді жетілдіреді және ұсынады;

16.2.7. ішкі тексерулердің нәтижелері бойынша Қоғамның еншілес ұйымдары тарапынан жүргізіліп жатқан және жоспарланып жатқан шаралардың орындалуына - олардың барынша оңтайлы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында - кейінгі аудиттік бақылауды жүргізеді;

16.2.8. Қоғамның Директорлар кеңесіне, Аудит жөніндегі комитетке аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы Есепті, сондай-ақ, анықталған бұзушылықтарды жоюға қатысты ұсыныстар мен кеңестерді ұсынады;

16.2.9. Қоғамның еншілес ұйымдарының қызметкерлерінің – Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу деңгейін бағалайды;

16.2.10. теріс пайдаланушылық, айлакерлік және алаяқтық деректерін тергеуге жәрдемдеседі және Қоғамның Директорлар кеңесіне, Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның басшылығына тергеудің нәтижелері туралы хабарлайды.

16.2.11. ауытқулар, тиімсіз шығындар және ысыраптар орын алмай тұрып басқарушылық шешімдердің оңтайлылық деңгейін анықтау мақсатында, Қоғамның еншілес ұйымдарының іскерлік белсенділігін, қаржы жағдайын және қаржы нәтижелерін болжауды жүзеге асырады.

17. Қоғамның лауазымды тұлғаларының және акционерлерінің Қоғамға өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты беруі.

17.1. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін – осы тұлғалардың немесе Қоғамның тіркеушісінің ұсынған мәліметтерінің негізінде жүргізеді.

17.2. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты келесі ауқымда ұсынады:

17.2.1. Заңды тұлғалар туралы: тегі, есімі, әкесінің аты (әкесінің аты болған жағдайда); жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және заңды тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер, туылған күні; үлестестікті тану үшін негіздемелер; үлестестіктің пайда болған күні.

17.2.2. Заңды тұлғалар туралы: заңды тұлғаның толық атауы; заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу нөмірі және тіркелген күні, заңды тұлғаның пошталық мекен-жайы және іс жүзіндегі орналасқан жері; үлестестікті тану үшін негіздемелер; үлестестіктің пайда болған күні.

17.2.3. Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның акционерлері мен үлестес тұлғалары тарапынан – тұлғаларды үлестес деп танудың негіздемелерінің пайда болған (жоғалған) күнінен бастап немесе акциялардың сатып алынған (Қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек келісім-шарты жасалған) күнінен бастап жеті күннің ішінде ұсынылады.

18-бап. Қоғамның қызметін тоқтату.

18.1. Қоғамның қызметін тоқтату – Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе жою жолымен жүзеге асырылады.

18.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосылу, қосып алу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген ерекшеліктердің ескерілуімен жүзеге асырылады. Егер қайта құрылған жағдайда Қоғам өз қызметін тоқтататын болса, Қоғам акцияларының шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуы тиіс.

18.3. Қоғамды ерікті түрде жою туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысы тарапынан қабылдайды, ол – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, несиегерлермен келісу арқылы және олардың бақылауымен, жою рәсімін анықтайды.

18.4. Қоғамды мәжбүрлі түрде жою сот тарапынан, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзге жағдайлар қарастырылмаған жағдайда, Қоғамды жою жөніндегі талап мүдделі тұлғалардың тарапынан сотқа ұсынылуы мүмкін.

18.5. Қоғамды жою туралы соттың немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен жою комиссиясы тағайындалады.

18.6. Жою комиссиясы Қоғамды жою кезеңінде оны басқару өкілеттіктерін және тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған әрекеттерді орындау өкілеттіктерін иемденеді.

18.7. Қоғамды ерікті түрде жойған жағдайда жою комиссиясының құрамына Қоғамның несиегерлерінің өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ, акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуі керек.

18.8. Қоғамды жою рәсімі мен оның несиегерлерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

18.9. Қоғамды жою баысында оның жарияланған, соның ішінде, орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуы тиіс.

18.10. Несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан соң қалған Қоғам мүлкі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптардың ескерілуімен, акцияларды иемденушілердің барлығының арасында, оларға тиесілі акциялардың санына шамалас етіп бөліп таратылады.

18.11. Заңды тұлғалардың біртұтас мемлекеттік тіркеліміне осы туралы жазба енгізілген сәттен бастап - Қоғамды жою аяқталған болып, ал Қоғам өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

19. Қорытынды ережелер

19.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық өзге жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

19.2. Осы Жарғы – оны заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап күшіне енеді.

Акционерлердің атынан:

«Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ Президенті
Артамбаева Гүлнара Жұмағалиевна

Гүлнара Артамбаева Жұмағалиевна

Сенімхаттың негізінде әрекет ететін
Европалық Қайта Құру және Даму Банкінің Өкілі
Донец Ольга Николаевна

Донец Ольга Николаевна

ОСЫНДА
НАСЫХАТ

Республика Казахстан, город Алматы,
шестнадцатое марта две тысячи одиннадцатого года.

Я, Мочалова Галина Евгеньевна, нотариус города Алматы, действующая на основании государственной лицензии № 0000146 от 10 августа 1998 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Президента АО «Центрально-Азиатская топливно-энергетическая компания» гр.Артамбаевой Гульнары Джумагалиевны и представителя Европейского Банка Реконструкции и Развития гр.Донец Ольги Николаевны, которые сделаны в моем присутствии. Личность представителей установлена, полномочия их проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1-1043
Оплачено 4687 тенге





CAERCO

Центрально-Азиатская
Электроэнергетическая Корпорация

Департамент юстиции города Алматы


УВЕДОМЛЕНИЕ

АО «Центрально - Азиатская Электроэнергетическая Корпорация» уведомляет Департамент юстиции г.Алматы о внесении изменений в Устав Общества на основании внеочередного общего собрания акционеров .

И.о. Президента



Забережный Д.А.



«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» Акционерлік қоғамы, 050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89
АО «Центрально-Азиатская Электроэнергетическая Корпорация», 050012, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Карасай батыра, 89

тел.: +7 727 258 49 41, факс: +7 727 258 49 42, e-mail: info@caerco.kz, www.caerco.kz

«ОАЭК» АҚ акционерлерінің кезектен тыс
Жалпы жиналысының Шешімімен
«БЕКТІЛДІ»
2011 жылғы «25» сәуіріндегі № 2 хаттама


**«Орталық Азия Электр-энергетикалық Корпорациясы» Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

Жарғының 6.10. тармағының 6.10.5. тармақшасы келесі редакцияда берілсін:

«6.10.5. айырбасталатын құнды қағаздардың, борыштық құнды қағаздар мен Қоғам акциялары бойынша опциондардың шарттары мен тәртібін, шығарылуын анықтау және оларды өзгерту.»

Акционерлер атынан:

«Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ Президенті
Артамбаева Гульнара Джумагалиевна



Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің өкілі
Сенімхат негізінде әрекет етуші
Майкл Вайнстин



УТВЕРЖДЕНО
Решением внеочередного Общего собрания
Акционеров АО «ЦАЭК»
Протокол № 2 от «25» апреля 2011 года



**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УСТАВ
Акционерного общества «Центрально-Азиатская Электроэнергетическая
Корпорация»**

Подпункт 6.10.5. пункта 6.10. Устава изложить в следующей редакции:

«6.10.5. определение условий, порядка и выпуска конвертируемых ценных бумаг, долговых ценных бумаг и опционов по акциям Общества, а также их изменение.»

От акционеров:

Президент АО «Центрально-Азиатская топливно-энергетическая компания»
Артамбаева Гульнара Джумагалиевна

Гульнара Артамбаева Джумагалиевна

Представитель Европейского Банка Реконструкции и Развития,
Действующий на основании доверенности,
Майкл Вайнстин

Michael Weinstein

Республика Казахстан, город Алматы,
двадцать седьмое апреля две тысячи одиннадцатого года.

Я, Мочалова Галина Евгеньевна, нотариус города Алматы, действующая на основании государственной лицензии № 0000146 от 10 августа 1998 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Президента АО «Центрально-Азиатская топливно-энергетическая компания» гр. Артамбаевой Гульнары Джумагалиевны и Представителя Европейского Банка Реконструкции и Развития гр. Майкл Вайнстин, которые сделаны в моем присутствии. Личность представителей установлена, полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1-1638

Оплачено 9374 тенге, удостоверено с выездом по адресу: г. Алматы,
ул. Казыбек би, 41

